



Орсаева Раиса Ануарқызы,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан

Мемлекеттік университеті қылмыстық құқық

және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының

қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРСАҚ...

Қазақстан мемлекеті ертеңгі ел тізгінін ұстар жеткіншектер болашағының жарқын да жадыраңқы, бұлыңғыр емес ашық, жүрер жолдарының иірімді емес даңғыл болуы үшін түрлі деңгейдегі бағдарламаларды қабылдап қана қоймай, оны жүзеге асыру жолында көп еңбектеніп, жүзеге асырып жатқаны баршаға аян.

Жастар болашақ бастауы екені белгілі болса да, олардың жағдайына арналып істеліп жатқан істер көп болса да, бастаудан басталып, «ағынын арнасынан» асырған болашағынан күдіктен гөрі зор үміт күттіретін жас жеткіншектер мен жастар үшін әлі талай істердің істелері анық.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қаңтар айындағы (2014) Қазақстан халқына Жолдауында «...Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек?»

Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды...» деген болатын.

Елбасының салихалы да мәнді, мағыналы сөзіне жүгінсек, ұлттық білім берудің түп төркінін қазіргі жеткіншектердің тек білімі ғана емес, жалпы келер болашағы қамтиды. Олай деуге себеп, тағы да Елбасының « ... Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі

оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс...» деген сөзі.

Шынында да, бүгінгі жарқын баланың ертең де, келер келешегі де жарқын болатыны белгілі. Сондықтан, жасөспірімдердің өз айтайын деген ойын қай тілде болса да еркін жеткізе алуы - білімділікті қажет етсе керек. Білімділік - ізденіс пен қажыр-қайраттылықты талап етері сөзсіз. Бүгінгі күн талабына сай мемлекеттің белді азаматы болу-жеке ой-пікірі қалыптасқан, өз ойын еркін жеткізе алатын, бәсекелеске қабілетті, өз елінің патриоты деп ойлаймыз.

Қоғам мен үздіксіз дамып жатқан қоғамда болып жатқан өзгерістерді айтпағанның өзінде, сол қоғам өмірінде болып жатқан тыныс-тіршіліктің ажырамас бөлігіне айналған күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе - кәмелетке жасы толмағандар мәселесі екені белгілі. Жас балалар құқық бұзушылығы немесе кәмелетке жасы толмағандар қылмыстылығы жайлы ордалы ойлар бола қалса, үн қосуға асығып, олар жеңістің тұғырына шықса, қуанып, жеңіліске ұшыраса, мұңайтын халықпыз ғой. Сондықтан, сөз болашақ көшбасшысы болатын балалар жайлы болғандықтан, болашақ тағдырын өзімен байланыстырған кез келген адам қарап қалмауға тырысары анық.

Сәл кейін шегініп, құқық теориясында қабылданған құқық санасын зерделесек, жалпы құқық санасының ұғымы біздің әлеуметтік зерделеуіміздің мақсаттары үшін нақтылауға жеткіліксіз болып шыққанына көз жеткізер едік. Құқық сана мен құқықтық білімділіктің жеткіліксіздігі жас жеткіншектердің өмірде ағаттық істеп сүрінуіне, өкінуіне, өмірдегі өз орнын таба алмай қиналуына алып келіп жататынын өмірлік тәжірибе дәлелдегендей. Қалай десек те құқықтық сананың жетістігі

болашақ кепілі десек, арық айтқандық емес. Сондықтан құқық санасының толысуы үшін кәмелетке толмағандардың құқықтарын білуі, олардың қолданылып жүрген құқыққа қатысы, құқыққа олардың қоятын талаптарының басын біріктіретін жиынтық ұғымы шеңберінде қолданылуы үлкен орын алады.

Кәмелетке жасы толмағандардың құқық санасын зерделеуге қатысты бағдарлама үнемі жұмыс істеу қажет. Ол үшін зерттеу бағдарламасы жұмыс болжамына қарай жасалынып, теориялық жағдайлар қарастырылуы, алынуы керек. Демек, бақылау тобына алынған кәмелетке жасы толмаған құқық бұзушылар мен жасөспірімдердің құқық санасы зерделенеді деген сөз. Бақылау тобына мектеп оқушылары, кәсіптік білім беретін колледж оқушылары, тіпті, жұмыс істейтіндер де алынуы мүмкін. Сондай-ақ, бақылау тобына алынған кәмелетке жасы толмаған құқық бұзушылар мен жасөспірімдердің қылмыстық, әкімшілік және қылмыстық-іс жүргізу құқығы саласындағы құқықтық санасы да зерттеледі. Яғни құқық сананың қандай деңгейде екендігін анықтау арқылы болашақта қылмыстылықты жойып жібермесек те, алдын-алу шараларымен қамтамасыз етеріміз сөзсіз.

Құқықты білмеудің салдарынан ағат басып, опық жеген 14 жасқа дейінгі яғни 9-13 жас аралығындағы жасөспірімдер аз деп айта алмаймыз. Жалпы 9-13 жас аралығындағы жасөспірімдер құқық бұзушылығын зерттеген ғалымдар (Е.І. Қайыржанов, Ө.С. Жекебаев, М.С. Нарықбаев) саусақпен санарлықтай. Бұл белгілі педагогтар мен социологтардың жасөспірімдер құқық бұзушылығын зерттесе де, аз зерттегенін дәлелдей түссе керек. "Педагогика" журналы соңғы 14 жылда 1716 ғылыми еңбектің кәмелеттік жасқа толмағандар тәрбиесіне арналғанын мәлімдей келіп, осы жұмыстардың 2%-ті ғана тәрбиеленуі "қиын" жасөспірімдерге арналғанын көрсеткен.

Уақыт тілін сәл кейін шегеріп, 1920-40 жылдар зерттеушілеріне (П.П.Блонский, В.И.Куфаев, П.И.Люблинский) жүгінер болсақ, олар құқық бұзушы жасөспірімдер заң жағынан ғана емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық жағынан да зерттеуді қажет ететін басты объект екенін алғаш рет атап көрсетті. Бұл авторлардың пікірінше, жасөспірімдердің құқық бұзуына, одан әрі қылмысқа қадам басуына басты себеп - әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсер етуі.

Белгілі педагог В.А.Сухомлинский кезінде баланы тәрбиелеудің екі қайнар көзі бар екенін

атап көрсеткен болатын. Біріншісі-оқушыға, тәрбиеленушіге, саналы түрде әсер ету екіншісі-баланы қоршаған "күрделі" орта [1, 54 б.]. В.А.Сухомлинский көзімен қарайтын болсақ, біріншіден, тәрбие жан-жақты, нәтижелі болу керек, екіншіден, баланы "қоршаған ортасы", өмірдің көлеңкелі жақтарының әсер етуі-белгілі мөлшерде стихиялы сипат алады. Ересек қылмыскерлерге қарағанда жас құқық бұзушылар өзін қоршаған әлеуметтік ортамен тығыз байланысты. Бұл жөнінде белгілі ғалымдар (А.И.Долгова, О.Д.Ермакова, Н.В. Беляев) әлеуметтік орта мен жасөспірімнің арасындағы тығыз байланысты көрсеткен. Олардың пікірінше, әлеуметтік орта ретінде жанұяның рөлі зор. Жанұя баланың өсуіне, қоғамға тигізер пайдасына көп көмегін тигізеді. Жалпы жанұя, бала жөнінде сөз болғанда үш тәсілді айрықша көрсету артық болмайды. Біріншісі, әлеуметтік-материалдық жағдай, екіншісі, жанұя бірлігі, үшіншісі, ата-ананың тәрбиеге көзқарасы. Соңғы екеуі баланың жанұямен бірлігін сипаттап, оның рухани тұрғыдан дамуына көп әсерін тигізеді. Венгерлік ғалым М. Коломшидің пікірінше, "жанұя тұрмысының кейбір элементтері бала өмірінде шешуші рөл атқармайды. Ең басты шешуші болып табылатыны - барлық жеке бөлшектердің бірігіп, жанұя атмосферасына әсер етуі, жанұяның ауыз бірлігі".

Шынында да отбасындағы келеңсіз қылықтар, ұрыс-керіс, жанжал, айқай-шу - бәрі-бәрі баланың тәртібіне, тәрбиесіне кері әсерін тигізіп, нәтижесін береді.

Ішімдікке әуестену, есірткі шегу, төбелеске әуестену, қатігездік пен мейірімсіздік өсе келе оның әдетіне айналмасына кепілдік беруге болмайды.

Осыдан екі жүз мың жыл бұрын белгілі тарихшы Плутарх "маскүнемдер өмірге маскүнемдерді әкеледі" деп жазған еді. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, жанұяда ішімдіктің жалғасын тапқанын көруге болады. Яғни, жанұяда атасы мен әкесі ішкен болса, 40-50% жағдай олардың балалары ішімдікті кәмелетке толмай татқанын көрсеткен [2, 27 б.].

Бала организмін күйректікке әкеп тірейтін нәрсенің бірі ішімдік болса, бұл өткен ғасырдың аяғындағы көрнекті дәрігерлердің тәжірибесімен дәлелденген. Организм қаншалықты жас болса, оның әсері де соғұрлым жоғары болады. Әсіресе, ішімдіктің кері әсері 12, 13 жас аралығында жасөспірім организміне әсері зор. 12, 13-тегі жасөспірімнің арақтың әсерінен есте сақтау қабілеті төмендейді, бойында немқұрайлық

пайда болады, оқулықты нашар меңгереді. Сонымен бірге ішімдік жасөспірімнің сана-сезімінің жетілуіне, қалыптасуына зор зиянын тигізеді. Бұл оның айналасында болып жатқан оқиғаларға өз тұрғысынан баға беруін төмендетіп, мектептегі сабаққа бармауын қалыптастырады, бос жүріске, кездейсоқ ортаға әуестендіреді. Мұндай жат қылықтар баланың құқық бұзуына бірден-бір себепкер бола алады.

Жасөспірімдер құқық бұзушылығы жалпы қылмыстың шытырман жақтарының бір ғана тұрақты жағын сипаттайтын құбылыс. Бұл тұрақтылық жасөспірімдер құқық бұзушылығы мен жасы толмағандар қылмысының сан-алуандылығынан көрініп, оның күн сайын есіп бара жатқандығына куәгер еткендіктен, оны болдырмау, алдын-алу шараларымен қоса, ағаттық істеген баланың жеке басының ерекшеліктерін, құқық бұзушылық себептерін ашуға жол ашады [3, 21 б.].

Баланың сана-сезімінің жан-жақты толысып, дүниеге көзқарасының өзгеріп, үлкен өмірге дайындығының аяқталатын кезеңі - жастық шақ. Жастық шақ етпелі кезеңмен тығыз байланысты. Жасөспірімнің жастық шаққа өтер кезеңі (11-13-15 жас) оның өміріне көп өзгерістер әкелері нақ. 12, 13 жастағы балалар организмі толық қалыптаспағандықтан бұл оның сыртқы бет-әлпетіне де көп өзгерістер енгізеді. Сондықтан, жастық шақ өтпелі кезең аталып, кейде ата-аналар мен педагогтар үшін "қиын" баланың қалыптасуына әсер етсе, кейде "қиын" жас деген атауға иеленеді. Жасөспірімдердің алып-ұшына саналатын өтпелі кезеңде не нәрсеге болсын еліктегіш келетінін жан-жақты зерттеген ғалым Т.М. Якобсон, бұл жаста олардың құқық бұзушылыққа тез еріп кететіні ашып берді [4, 19 б.]. Өтпелі кезеңде жасөспірімдердің еліктегіш келетіні, жақсыға ұмтылу, ұқсағысы келетіні, көргенін қайталағысы келетіні белгілі. Өтпелі кезеңнің "құйын" сияқты өткінші елестерге толы болуы бала өміріне қауіп төндіреті де сондықтан. Жасөспірімнің еліктеуінің салдарынан құқық бұзуы, қызығушылығының әсерінен "қылмыс" істеуі көбінесе осы шақта жүзеге асса керек.

Жасөспірімдер қолымен жүзеге асқан құқық бұзушылықтар, көбінесе олардың ересектерге еліктеуінен болатынын дәлелдей түскендей. Мәселен, Өскемен қаласындағы кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі инспекцияға соңғы жылдары есепке алынған балалардың жас мөлшері көбінесе, 10-13 жас аралығын қамтып, олар жасаған құқық бұзушылықтың ауыр түрі, ұрлық, тонау, бұзақылық, ара-тұра есірткі

заттарды сақтау түрлерімен өсіп, алаңдатушылық туғызуда.

Құқық бұзушылық пен қылмыстылыққа барған жас балалар мен кәмелетке жасы толмағандардың жат әрекетін зерттеуде психологтардың рөлі зор екені белгілі. Болгарлық психологтардың бір тобы (Г.Д. Пирвов және басқалар) 5-тен 7 жасқа дейінгі балалардың жас аралығын зерттегенде, нерв жүйесінің алып-ұшпа шағы көбінесе 5 жастағылар арасында көп кездесетінін атап өткен. Олардың жасы өсуіне байланысты алып-ұшпалылықтың орнына бірқалыптылық тұрақтана бастайды [5, 10 б.].

Жалпы жастық шақтың ерекшеліктерін бірнеше топқа бөлуге болады, олар: талап-тілек; қызығушылық; өмірлік жоспар мен көзқарастар; жалпы сипаттама.

Ішімдіктің жасөспірім өміріне зияны зор екендігін жоғарыда айтып кеттік. Жалпы ішімдікке әуестенген баланы дұрыс жолдан тандырып, құқық бұзушылыққа итермелейді. 10-13 жастағы жасөспірімдердің басым көпшілігінің талап-тілектері шектен шығып кеткендіктері, олардың ішімдікке құмарлығынан көрінсе керек. А.Вайсберг пен Ш.Тайбекова 556 қылмыс істегені үшін айыпталған 450 жасы толмағандардың 305 қылмыстық іспен танысу барысында 41% бас бостандығынан айырылғандар қылмысты мас күйінде істесе, 72% қамауға алынғанға дейін де, кейін де үнемі ішкенін айта келіп, олардың ішінде жасөспірімдердің болғанын атап өткен [6, 14 б.].

Белгілі ғалым А.Ф. Парнищев жасөспірім құқық бұзушылығының салалығын айта келіп, басты орынды тонау, ұрлық алатынын мәлімдеген. Ғалымның пікірі бойынша меншікке қарсы қылмыстар, яғни шабуыл жасап тонау, тонау 17% болса, ал барлық балалар қылмысының 65% мүліктік сипат алып, оның бірде, біреуі материалдық жетіспеушіліктен істелмегенін дәлелдеген. Сонымен қатар, бас бостандығынан айырылғандардың 60% құқық бұзушылық кезінде мас болған екен [2, 5 б.] .

Ересектерге қарағанда жасөспірім құқық бұзушылығының ерекшелігі ертеңгі күнгі не боларын ойламаушылық, мән бермеушілік. Кез-келген құқық бұзушылыққа барар алдында белгілі бір мақсат қоймайды, сондықтан, олардың қолымен жүзеге асқан жай әрекеттер көбінесе, бірден тұтанып, бірден іске асады. Е.В. Болдырев пен А.А. Герцензон ішімдіктің салдарынан жасөспірім организмінің икемге келмей, ойына келгенін істеуін, содың салдарынан біреуге қайғы, өзіне сор әкелетінін жаза келіп, олардың

қолынан мас күнде қасақана түрде кісі өлтіру - 63% зорлау - 30,4% рет орын алғанын атап өткен [7, 23 б.]. Әрине, ішімдік үстінде ауыр қылмыс істеген адам жазасы ауырламаса, жеңілденбейді.

Жалпы құқық бұзушы жасөспірімге болашаққа деген белгісіздік тән. Осы орайда, Н.В.Лясс пен И.А. Солодкиннің зерттеулері олар жасаған қылмыс мүлдікті болып келетінін айта келіп, құқық бұзуға себеп болған ниетті анықтаған. Ғалымдар пікірінше, жасөспірімдердің қолымен асқан қылмыстар бас пайдасын ойлау (90%), достарына ергендер (2%), қызық өмірге ұмтылушылық (0,9%), басқа ниеттер (3,8%) сияқты қылмыстық әрекеттерді құрап, ерекшеленген. Бұл құқық бұзушы балалардың кері қылықтарын тағы бір жағынан ашып көрсетеді.

Сонымен, біздің ойымызша, құқық бұзушы балаларға аяусыздық, көрсеқызарлық, көре алмаушылық, менменшілдік, өтірік айтушылық тән болса, бұл ата-ана тарапынан олардың қадамына бақылаудың болмауы, некұрайлы қарауы салдарынан болса керек.

Жасөспірімдер құқық бұзушылығының ішінде топтасқан құқық бұзушылық үлкен орын алады. Топтасып құқық бұзушылықты болдырмау, алдын алу шараларын іске асыру басты міндет.

Дао Чи Ук зерттеулері бойынша, бұзақылық, күшжұмсау, ішкі істер қызметкерлеріде қарсылық көрсету, алдап меншіктегі затты өзіне иемдену, есірткі алып сату осындай топтасқан топтармен жүзеге асады. Яғни мұндай қылмыстың 80%-і балалардың топтасқан топтарымен жасалады [8, 25 б.].

Жасөспірімдер құқық бұзушылығы ересектер қылмысынан ерекшеленеді. Ол екеуінің арасындағы айырмашылық жасөспірімдер құқық бұзушылықты жалғыз өзі сирек жасайды. Бұдан олардың өзіне деген сенімсіздігін байқай отырып, сенімсіздіктің ең алдымен ойлаған ойын іске асырмай күйреуіне әкелсе, екінші жағынан бала бойында қорқыныш тудырады. Үрейдің билеуі оның жат әрекетке жалғыз баруына тежеу болып топтасқан топқа кіруіне негіз болады. Күнделікті сандаған топтасқан құқық бұзушылық жүзеге асатын болса, А.Ф.Парнищевтің зерттеуі бойынша, бұндай топтасқан құқық бұзушылық жалпы қылмыстың 55%-ін құрайды [2, 16 б.].

Топтасқан құқық бұзушылыққа қыздардың да қатысуы өкінішті жай. Қыздардан құралған топтар ұлдардан құралған топтарға қарағанда берік болмайтыны дәлелді. Құқық бұзғаннан кейін мұндай топтар тез тарайды екен. Яғни,

олар көбінесе 2-3 немесе 3-4 адамнан тұрады. Қыз балалардан мұндай топтардың ұйымдасуына себеп болған нәрсе бос жүріс, ішімдік, ата-ана тарапынан бақылау болмау.

Белгілі криминолог-ғалым, заң ғылымдарының докторы Елеген Ізтілеуұлы Қайыржановтың «кәмелетке толмаған құқық бұзушыны дұрыс жолға салып, қайта тәрбиелеу үшін оның жағымсыз жақтарын, ата-ана тарапынан бақылау болмауды білу аздық етеді» деген сөзі ойға оралады. Ғұлама ғалымның пікірімен келіспеске болмайды. Шынында да, кәмелетке толмағандардың құқық санасының жетілгендігін зерделеу үшін кешенді тәрбиенің болуы артықтық етпеген болар еді. Ондағы мақсат - жасөспірімнің құқықты нақты білуі, құқық туралы пікірі мен оған қойылатын талаптарын айқындай білуі, құқықтық білімінің жетілуі үшін үнемі ақпараттан құлағдар болуы - бәрі-бәрі өз нәтижесін берері сөзсіз. Сондай-ақ сауалнама жүргізу арқылы жасөспірімдердің өмірге деген көзқарастарын анықтап алудың да маңыздылығы зор.

Криминолог-ғалым, заң ғылымдарының докторы Елеген Ізтілеуұлы Қайыржанов «жасөспірімдердің кезекті тобына сауалнамаларды таратып беру алдында зерттеуші пікір сұраудың мақсатын түсіндірсе жақсы болар еді» деп атап өткен болатын. Бұл пікір дұрыс сияқты. Себебі, зерттеуші тарапынан жүргізілген сауалнаманың не үшін, қандай мақсатты көздейтіндігі, жасырындылығына кепілдік берілетіндігі ашық айтылғаны - сауалнамаға жауаптың берілуі 100 пайызды құрап, уақыттың шығындалуы да көп болмауын қамтамасыз етері сөзсіз. Сонымен бірге қабылданған сауалнамамен жұмыс істеу тәртібі пікір сұрауға неғұрлым даярлығы жоғары зерттеушінің жүргізуін қажет етеді. Сауалнамалық пікір сұрау әдістемесін игермеген адамдарға, тіпті ол білікті заңгер немесе педагог болса да, пікір сұрауды тапсыруға болмайды. Айта кету керек, кәмелетке толмағандардан пікір сұрау кезінде зерттеушілерден өзге (атап айтқанда, пікір сұраушыларды жақсы білетін педагогтар немесе өзге адамдар) адамдардың қатысып отырулары оларды ұялу сияқты күйге түсіруі мүмкін. Сондықтан, пікір сұрауды оларға таныс емес адамның жүргізгені құба-құп.

Сауалнамамен жұмыс аяқталғаннан кейін жасөспірімдер тарапынан қойылған сұрақтарға қалай дұрыс жауап беру, сауалнамада айтылған іс-әрекеттерді заңның қалай бағалайтыны жөнінде пікір айту олардың қызығушылықтарын

туғызады. Бұл сауалнаманы толтырғаннан кейінгі өткізілетін әңгіме үстінде туындайтын қажеттіліктер. Туындаған сұрақтарды дұрыс жауапсыз қалдыру принципті түрде дұрыс емес. Бұл жерде әңгіме алдын ала көкейкесті проблемалар қойылып отырылған кәмелетке толмағандар туралы екенін есте ұстаған жөн. Сонымен бірге әңгіме бірталай мәселелер бойынша жасөспірімдердің пікірлерін анықтауға, жекелеген жауаптардың уәждемелерін айқындауға мүмкіндік береді.

Кәмелетке жасы толмағандарға қатысты біздердің тарапымыздан өткізілген сауалнама үш кезеңнен тұрып, ол мектеп оқушыларын, колледж оқушыларын (студенттерін) және арнаулы тәрбиелеу мекемесінде жазасын өтеп жүргендерді қамтыды.

Жалпы сауалнаманың өзін құрастыру бірнеше кезеңнен тұрып, оның бірінші нұсқасын құрастырмас үшін 200-ге жуық жоғары сынып оқушыларының пікірлері сұралып, соның нәтижесінде сауалнамада жан-жақты мәселелерді жинақтаған сұрақтар қамтылды.

Жоғары сынып оқушыларына берілген сұрақтар мектеп, отбасы, қоршаған орта, достары, жеке «ішкі - сыртқы» әлемі, спортқа көзқарасы, өмірге, болашаққа көзқарасы, рухани байлығы, кітап пен баспасөз беттеріндегі ақпаратқа қызығушылығы, телеарнадағы бағдарламаларға жеке пікірі т.б. сияқты өзекті мәселелерді қамтып, одан алынған жауаптар жасөспірімнің жалпы болашағынан қандай үміт пен күдік тудыратынын анықтауға көмегін тигізді.

Сауалнаманың екінші нұсқасы колледж оқушылары мен кәмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу колониясында ұсталып отырылған құқық бұзушылар арасында жүргізіліп, 400 жасөспірімнің пікірлерін сұрау мүмкіндігі түсті. Бұл сауалнама колледж оқушыларының болашаққа белсенділігін көрсетсе, керісінше, арнаулы тәрбиелеу колониясында жазасын өтеп отырғандардың болашаққа бұлыңғыр қарайтындарына көз жеткізді. Тек сұралғандардың 12 пайызы сенімді жауап беріп, бар жақсылық болашақта болатынына сеніп, оған өздерінің қол жеткізетінін дәлелдеді. Түйгеніміз, тәрбиелеу колониясындағы сауалнама нәтижесі-жасөспірімдермен тәрбиелік мақсаттағы жұмыстардың көп жүргізілуі қажеттігін айқындай түскендей.

Сауалнаманың соңғы үшінші нұсқасында 26 сұрақ қамтылып, оның алтауында қосымша сұрақтар берілді. Сауалнаманы толтыруға 40-

45 минуттай уақыт кететіні ескеріліп, олар жабық және ашық қойылған сұрақтардан, бағасы берілген сұрақтардан құрылды. Жалпы сипаттағы сұрақтармен қатар сауалнамада сұрақ-тестілер де беріліп, сондай-ақ, жекелеген жанжалды оқиғалар келтіріліп, осындай оқиға кезінде адамдардың мінез-құлықтарына баға беру үшін:

- а) дұрыс жасады;
- б) моральға жат қылық жасады;
- в) қылмыс жасады деген жүйемен бағалау ұсынылды.

Жалпы сауалнама сұрақтары қылмыстық жауаптылық жасына; ересек және кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қолданылатын жазаларға, бірқатар нақты қылмыстардың жазалылығына, мас жағдайда қылмыс жасау фактісіне баға беруге, бірқатар қылмыстардың ауырлығына баға беру; жазаның бұлтартпастығы туралы ұсыныстарды айқындауға; қылмыстық іс жүргізудің ашықтылығына байланысты болып, сауалнаманың қорытынды сұрақтары пікір білдірушілердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларына қатысты алынды.

Зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, сауалнамаға жауап берген жасөспірімдердің басым көпшілігіне құқық санасында құқық білімділіктің жетіспеушілігі тән. Олай деуге себеп, жауап бергендердің көпшілігі қылмыстық жауаптылыққа тартылу неше жастан басталатынын білмеуі, ағат басып, қылмыс жасаса, қылмыстық жауаптылыққа тартылатынын білмеуі, білсе де, немқұрайлылық танытуы, жазалау тәртібі ересектерге де жасөспірімге де бірдей екендігін білмеуі.

Сонымен қатар, сауалнамаға жауап бергендердің 28 пайызы, мәселен, қарақшылық шабуыл жасалып, оны көзімен көрген адам хабарламаса да, полиция оны ашатындықтарына күмән келтіріп, аша алмайды деп жауап берсе, тек 17 пайызы ғана қылмыс тез ашылады деген сенімде болған.

Ұрлық, тонау және қарақшылық шабуыл жасағаны үшін сотталған жасөспірімдердің мардымсыз пайызы ғана (4-тен 18-ге дейін) осы қылмыстың тез ашылатынына сенімді.

Қала мектептерінде «тәрбиесі қиын» жасөспірімдермен жан-жақты, сараланған тәрбиелік жұмыстар жүргізілгенмен де өз нәтижесін аз берген. Әдеттегідей «тәрбиесі қиын» жасөспірімдер жұмысқа тартылмаған, оларға қызықты қоғамдық тапсырмалар сеніп беріліп, өз ұжымдарының мақсатты жұмыстарына қатыстырылмаған, осыдан келіп,

олар өз мүдделерінің қанағаттандырылуын сырттан іздеген.

«Тәрбиесі қиын» балаларға жеке қамқорлық жасау барлық мектептерде жоспарланса да, іс жүзіне келгенде нашар жүзеге асырылған. Балалармен өткізілген әңгімеде тіпті олардың кейбіреулері өздерінің қамқоршыларын да білмеген. Жекелеген сынып жетекшілері де өз сыныбындағы «тәрбиесі қиын» балалардың қамқоршысы кімдер екенін және бұл қамқорлықтың мәнісі неде екенін білмей келген.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушыны дұрыс жолға салып, қайта тәрбиелеу үшін оның жағымсыз жақтарын ғана біліп қою аздық етеді. Бұл жерде белгілі бір жас аралығы (14-17 жас) үшін тән болып келетін олардың өзіндік ерекшеліктері және психологиясының кейбір белгілерінің дамуы, психологиялық ерекшеліктеріне елеулі ықпал жасаушы оның нерв жүйесінің ерекшеліктері, қоғамдық қауіпті іс әрекетте олардың бой көрсетуі ескерілуі қажет.

Колония тәрбиеленушілерімен жүргізген жұмыс нәтижесі тәрбиешілер тарапынан кәмелетке толмаған сотталғандарға мінездеме бергенмен, іс жүзінде олардың нерв жүйесі мен психикасының жай-күйін мүлде ескермейтіндігін көрсетті. Шынтуайтында, кәмелетке толмағандардың дәл осы ерекшеліктері қадала назар аударуды талап етеді. Ашушандық, долданушылық, қасарысушылық, инфантильдік, дөрекілік және басқалар сияқты қасиеттері көп ретте нерв жүйесінің жай-күйімен тығыз байланысты болып келеді.

Кәмелетке толмаған өзінің жеке басының ерекшеліктеріне қарай, кенеттен пайда болған және дыз етпе құмарлықтың әсерімен қолсұғудың қандай бір салдары туралы ойланып жатпастан қылмыс жасауға бейім тұратындарын ескеру қажет. Сөйтіп, шалықтаған эмоционалдылық және тежегіш реакцияның дағдылық процессінің тұрақсыздығы құқыққа қарсы қаскөйлік ниеттің қалыптасуы мен жүзеге асырылуында аз-кем рөл атқармайтынын да есте ұстаған абзал.

Мінез-құлықтарының тұрақсыздығы мен психологиялық өзге де ерекшеліктерінің тез өзгеріске ұшырауы салдарынан кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылығы мен қылмыстық әрекеттері жиі орын алуда. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысы құқық қорғау органдарының мәліметі бойынша, 2012 жылы Шығыс Қазақстан облысы бойынша кәмелетке жасы толмағандар арасындағы қылмыс 340 рет орын алса, бұл көрсеткіш 2013 жылы 386-ға дейін жеткен, соның 40-қа жуығы өзіне-өзі қол

жұмсауға оқталу фактісі. 2014 жылдың алғашқы екі айында облыс бойынша мектеп оқушылары арасында өзіне-өзі қол жұмсау фактісі 15 рет тіркеліп, оның 1-нің қайғылы аяқталған. Бұл көрсеткіш ащы болса да шындық. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері тарапынан істеліп жатқан істерге қарамастан, кәмелетке жасы толмағандар қолымен іске асқан қылмыстық әрекеттердің толастамауы әлі де болса, олармен профилактикалық тұрғыда көп жұмыс істеудің қажеттігін жүктесе керек. Жас жеткіншектердің болашақта сотталғандар санын толықтырмас үшін құқық қорғау органдары қызметкерлерінің олармен үнемі байланыста болып, дәріс, пікір-талас, сұрақ-жауап түріндегі оларға түсінікті кең тараған тәсіл-әдістермен жұмыс жүргізуі керек. Әрине, мектеп оқушыларымен жүргізілетін шаралар өте көп, десек те, оның ауқымын кеңейтіп, көбейтсек, артық болмасы хақ.

Ресейлік Я.И. Гилинский өзінің жүргізген зерттеулерінде «жасөспірімдердің жоғары криминалды белсенділігін сипаттай келе, олар кез келген мемлекеттің болашағы, сондықтан, олардың күнделікті үйреншікті тәртібінен, өмір сүруінен, жеке басының саналылығынан болашақ қоғам, мемлекет тағдыры байланысты екенін, криминалды белсенділікті азайту үшін криминологиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық жағынан белсенді көңіл бөлу керектігін айтып өткен. Ғалымның пікірінше, сауалнама жүргізген дұрыс, бірақ, сол сауалнаманың нәтижесін нақты зерделеу арқылы болашақта қылмыстылыққа жол бермеу керек [9, 36 б.].

Белгілі заңгер-ғалым Б.К.Сыздық кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыс жасауына қарсы әрекет етудің криминологиялық және виктимологиялық мәселелерін жан-жақты саралай келе «...эмоциялық тұрақсыздық, бос сөз, қайтпастық, өзгелердің қайғысына ортақтаса білмеу, қатыгездікті кәмелеттік жасқа толмаған қылмыскерлердің үлесіне тиесілі біршама таратылып кеткен ерекшелікке жатқызуға болады» деп атап өткен. Сондай-ақ, ғалым «кәмелеттік жасқа толмағандардың аномалиясына байланысты жасаған қылмыстары бөлек орын алады. Көптеген жағдайларда бұл тұқым қуалаушылыққа немесе тәрбие беру және өмір сүрудің қолайсыз жағдайларына байланысты болады» деп нақтылай түскен [10, 289 б.].

Ғалымның пікірімен келіспеске болмайды, себебі, ересектерге тән кейбір қатыгездік пен өзара өшпенділік, көрсекызарлық пен көре

алмаушылық, аяусыздық пен алауыздық жас жеткіншектер бойынан табылып, ара-тұра болса да, көп қылмыстың басты себеп-салдары болып жататыны жасырын емес.

Кәмелетке жасы толмағандардың көргенін қайталауы, еліктеушілігі, көшбасшы болуға ұмтылуы, өзгелерден өзін ерекше көрсеткісі келетіні – бәрі-бәрі бала бойындағы «әлемді тануға» құштарлығынан болса керек. «Әлемді тануға» құштарлықтан туындаған қылмыстың зардабының байыбына бармау- тағы да кәмелетке жасы толмағандарға тән қасиет десек, артық айтпаған болар едік.

Қалай десек те, қазіргі жасөспірімдердің белсенділігі құптарлық нәрсе, десек те, сол белсенділіктің жат әрекеттерге бағытталмауы ең басты тілектен туындаған талап. Жасөспірімдердің өздерінің істеп жүрген істеріне, оқу мен еңбектеріне, кей кездері тұрып жатқан үй-жайына, өзінің мүмкіндіктерін көрсете алмағандығына көңілі толмауы – сол ең басты талапты орындауға кедергі жасайды. Көңіл толмаушылық жасөспірімдердің «зауқы» жоқтығымен емес, керісінше, кейбір объективті жағдайлардың болуымен түсіндірілетін сияқты. Қалай десек те, болашақ тағдырын тізгіндейтін жеткіншектердің өз тағдырына талғампаздықпен қарауы ересектерге байланысты. Ересектер тарапынан қадағалаудың басымдылығы олардың тарапынан істелетін жат әрекеттерді де азайтар еді. Ересектер тарапынан қадағалаудың

басымдылығы кәмелетке толмағандардың құқық санасын да зерделеуге көп көмегін тигізеді. Ал, кәмелетке толмағандардың құқық санасының жетілуі қылмыстылықтың да азаюына жол ашары, ықпал етері сөзсіз. Олай деуге толық негіз бар екендігіне күмән жоқ. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қаңтар айындағы (2014) Қазақстан халқына Жолдауындағы «...XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» деген сөзін тағы да қайталағымыз келеді. Дамығын мемлекетіміздің бүгінгі белсенді, білікті балаларының болашақта әлемдік деңгейге шығуы көбейіп, тұғырдан көрініп жүргендердің санын көбейтетініне әлі-ақ көз жеткізетін болармыз. Оған болашаққа деген нық сенімнен туындаған тұрақтылық, ордалы ойларын жүзеге асырып, тау бұздыратын жеткіншектеріміздің талпынысы мен өнертапқыштығы, ойлампаздығы мен алға жетелеген армандарын жүзеге асыруы куә еткендей. Құқық бұзушылық пен қылмыстық әрекетке барған жеткіншектеріміз болашақта жақсыны көріп үйренсе, жамандық атаулыдан бойын алшақ салып, жиренсе, ертеңі есіктен «қаққанда», «не айтаммен» емес, керісінше, жетістіктің жалауын ту етсе, бүгінгі күнді қылмыстылықтың санын көбейткен сандық көрсеткіштің азаяры сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сухомлинский В.А. Мектеп директорымен сырласу. - М., 1979. - 207 б.
2. Парнищев А.Ф. О характере групповых преступлений, совершаемых несовершеннолетними и вопросы уголовной ответственности соучастников преступления. - Преступления и ответственность. - Алма-Ата, 1971. – 135 с.
3. Белякова А.М., Карев Д.С., Орлов В.С. Правовая охрана детства. - М., 1968. – 172 с.
4. Якобсон Г.М. Эмоциональная жизнь школьника. - М., 1966. – 71 с.
5. Нарикбаев М.С. Подросток и закон. - Алма-Ата, 1981. – 96 с.
6. Вайсберг А., Тайбекова Ш. Алкоголизм и преступность несовершеннолетних. - В кн.: Вопросы борьбы с преступностью несовершеннолетних. - Алма-Ата, 1968. – 108 с.
7. Болдырев Е.В., Герцензон А.А. Алкоголизм - путь к преступлению. - М., 1966. – 96 с.
8. Дао Чи Ук. Борьба с преступностью несовершеннолетних в СРВ. - М., 1986. – 225 с.
9. Гилинский Я. И. Преступность несовершеннолетних: криминологический анализ. - М., 2006. – 136 с.
10. Сыздық Б.К. Кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыс жасауына қарсы әрекет етудің криминологиялық және виктимологиялық мәселелері. - Ювенология. - Астана, 2010. – 420 б.



Мақалада кәмелетке жасы толмағандардың құқықтық санасын зерделеу қарастырылды. Құқықтық санасын зерделеуге байланысты ескерту, алдын-алу шаралары жан-жақты қаралып, қылмыстылықпен күрес жүргізудің тиімділігі мәселелері сараланды.

Түйін сөздер: құқық сана, зерделеу, алдын-алу, тиімділік.

В статье рассматриваются проблемы правовых знаний и их влияние на несовершеннолетних. Также рассматривается вопрос о предупреждении преступности среди несовершеннолетних.

Ключевые слова: правосознание, формирование, предупреждение, эффективность.

The article considers the the problems of legal knowledge and its influence to the minors. Also examined the prevention of juvenile delinquency.

Keywords: legal consciousness, formation, warning, efficiency.

Раиса Ануарқызы Орсаева,

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университеті қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к.

Жасөспірімдердің құқықтық санасын қалыптастырсақ...

Орсаева Раиса Ануаровна,

ассоциированный профессор кафедры уголовного права и уголовного процесса Восточно-Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова, к.ю.н.

Формировать правовое сознание у несовершеннолетних

Orsaeva Raisa Anuarovna,

assortment professor of chair of criminal law and criminal trial of the East Kazakhstan state university of S. Amanzholov, c.j.s.

To form legal consciousness among juveniles